



Еңбек ерлікке жеткізеді, ерлік елдікке жеткізеді



ЭКСПО көрме алаңында болашақ мамандардың жұмыс берушілер мен кәсіптік-техникалық ұйымдардың басын қосқан «Жұмысшы мамандықтарының қаласы» фестивалі өтіп жатыр. Бұл арнаулы «қалашықты» кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аралап көрді.

Осындай фестиваль – Президенттің бастамасымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтары жылындағы» алғашқы ауқымды іс-шара. Бұл Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен және басқа да салалық ведомстволардың, ұлттық компаниялар мен ірі кәсіпорындардың қолдауымен өтіп жатыр.

Қалашықтағы 40 интерактивті көрмеде 200-ден аса мамандықтың қыр-сырына қанығып, экономика секторларының ерекшеліктерімен танысуға болады. Фестиваль аясында бірнеше күн бойы түрлі семинарлар, шеберлік сағаттары, инновациялық сессиялар мен жұмыс жәрмеңкелері ұйымдастырылады. Алғашқы екі күнде

іс-шараға 15 мыңнан аса адам келген. Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика, тау-кен, металлургия, мұнай-газ, құрылыс, ауыл шаруашылығы және тағы да басқа салаларға маман даярлау үдерісімен танысты. Сондай-ақ Президентке еңбек нарығындағы сұранысқа және әр өңірдің ерекшелігіне қарай кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарын трансформациялау мысалдары баяндалды. Президент атом электр стансасы секілді ірі жобаларды жүзеге асыру қарсаңында сапалы білім мен кәсіби дағдыны меңгерген мамандар өте қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтарының қаласын» аралап көрген соң өңірлерден келген жастармен жүздесті. Президент кез келген еңбек қадірлі, құрметке лайық екеніне назар аударып, жастарды аяныбай еңбек етуге шақырды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Украина төңірегіндегі жағдай туралы пікір білдіріп, еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығы ең басты құндылық екеніне назар аударды. – Біз «Бірлігіміз – әралуандықта» идеологиясын темірқазық етіп ұстанып отырмыз. Ұлтымыз бен наным-сеніміміз

әртүрлі екеніне қарамастан, бір қоғамда тұтас халық болып өмір сүреміз. Мен баршаңызды осынау терең үдерісті толық түсінуге шақырамын. Сонда ғана табысқа жете аламыз. Қазір Украина жөнінде көп айтылып жатыр. Біз алғашқы кезден бастап осы соғысты міндетті түрде тоқтату керек, дипломатиялық келіссөздер арқылы бір мәмілеге келу қажет деп айттық. Бұл ұстанымымыз енді шындыққа айналды. Екі алпауыт ел саяси сұхбат жүргізе бастады. Бұл – жақсы үрдіс. Әрі Қазақстанға пайдасын тигізеді. Сондықтан біз мұны мейлінше қолдаймыз, – деді Президент.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2025 жылдың наурыз–маусымында және қыркүйек–желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы

«Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер 2025 жылдың наурыз–маусымында және қыркүйек–желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі қатарынан запасқа шығарылысын.

2. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар 2025 жылдың наурыз–маусымында және қыркүйек–желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне мерзімді әскери қызметке шақырылысын.

3. Жергілікті атқарушы органдар тиісті жергілікті әскери басқару органдары арқылы 2025 жылдың наурыз–маусымында және қыркүйек–желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі мерзімді әскери қызметті өткеру үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне әскерге шақырылған Қазақстан Республикасының азаматтарын жөнелтуді және мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткерген әскери қызметшілерді шығаруды қаржылай және материалдық жағынан қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.

5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 13 ақпан
№ 782

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Мемлекет басшысының өкімімен Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының өкімімен Рустам Ахатханұлы Баялиев Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Өңірлік даму мониторингі бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының өкімімен Болат Орадұлы Ақшолоқов Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі лауазымынан босатылды.

ӨНДІРІС ӨРІСІ

Медицина бұйымдарын шығаратын зауыт

Үш жыл бұрын Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ең алдымен, жергілікті жерлерде тиімді әжумис жүргізілуі керек. Әкімдер жыл сайын әрбір 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын ашуға тиіс» деген еді. Президент тапсырмасын орындау бағытында Жамбыл өңірінде ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ, «Egemen Qazaqstan»

Жамбыл өңірінің өнеркәсіп саласы туралы сөз болса, ойымызға бірден «Қазфосфат» ЖШС мен «Super Pharm»



фармацевтикалық зауыты келетіні рас. Сол «Super Pharm» ЖШС-на қарасты зауыттың қасынан бой көтерген «Эрсад-2021» кәсіпорны да бірнеше жыл бойы медицина саласына қажетті бұйымдарды үздіксіз шығарып жатыр.

4 >

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Ғылымда мемлекеттік тілдің бәсі қашан артады?

Ғылым – елдің өркенінегізгі деңгейін анықтайтын басты көрсеткіш. Еліміздің тәуелсіздік алғанына 30 жылдан аса да, ғылым саласы әлі күнге дейін мемлекеттік тілде сөйлей алмай отыр. Көптеген халықаралық форум мен ғылымға қатысты басқосу, жиналыс негізінен орыс және ағылшын тілдерінде өтеді. Мемлекеттік тілдегі ғылыми еңбектердің аздығы, терминологиядағы бірізділіктің жоқтығы, қазақ тілінде жазылған зерттеулердің халықаралық деңгейде мойындалмауы – бұл саланың ең өзекті мәселесі. Ендеше,

қазақ ғылымы қашан қазақша сөйлейді? Біз осы сауалды ғалымдарға қойған едік. Аталған сұраққа ҰҒА академигі, терминтанушы Шерубай Құрманбайұлы, Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Ғылыми-техникалық ынтымақтастық орталығының басшысы, PhD Анар Мұхтарова, ғылыми қызметкер Данияр Ерланұлы, докторант Мәдина Шенгелбай тарапынан берілген жауаптарды оқырман назарына ұсынып отырмыз.

7 >

ІЛКІМДІ ІЛГЕРІЛЕУ

Үздік туристік бес ауыл

Жақында «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы «Үздік туристік ауыл – 2025» байқауының қорытындысын жариялады. Жоба отандық туризмді дамытуға, мәдени мұраны насихаттауға, ауылдық жерлердің экономикасын арттыруға бағытталған.

Бақытбек ҚАДЫР, «Egemen Qazaqstan»

Облыс әкімдіктеріне байқауға өңірден үш ауылды ұсынуға мүмкіндік берілді. Қатысушыларды іріктеу кезінде табиғи, мәдени ресурстарға, елді мекендердегі дәстүрлі қызмет түрлерінің сақталуына ерекше көңіл бөлінді. Байқауға туризм саласының сарапшылары мен тәуелсіз мамандар төрелік етті. Еліміздегі ең үздік туристік ауыл атанған өлкелер БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымы (UN Tourism) өткізетін «UN Tourism Best Tourism Village» халықаралық байқауында қазақ елінің туристік әлеуетін таныстыру мүмкіндігіне ие болды.

14 >

ТҰЛҒА

АСЫЛДЫҢ
СЫНЫҒЫ

9

ӘДЕБИЕТТІҢ ӘҢГІМЕСІ

ШАХТАДА
ШЫҢДАЛҒАН ШАЙЫР

11

ЖАНСАРАЙ

ӨНЕРГЕ ӨКТЕМДІК
ЖҮРМЕЙДІ

13